

**Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің
Жаңа жылдық шыршаға қатынасатын әлеуметтік осал топ
оқушыларының тізімін жасақтау мақсатында өткізілген
№4 ОТЫРЫСЫ**

15.11.2021

Қатынасқандар:

- 1.Ш.Сариева-қамқоршылық кеңес төрағасы;
- 2.А.Жангельдина-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
- 3.Кеңес мүшелері-8;
- 11.Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог.
- 12.Сынып жетекшілер-49;

Күн тәртібінде:

- 1.Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылындағы Президенттік шыршаға қатынасатын оқушылардың тізімін жасақтау;
- 2.Аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына қатынасатын оқушылардың тізімін шығару;

Тыңдалды:

А.Жангельдина-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

Атырау облысы білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің 2021 жылдың 11 қарашасындағы 05-04-01/1548 хатымен таныстырылды.Хатқа сәйкес 9-13 жастағы балалар арасынан оқушылардың әлеуметтік жағдайын (жетім,ата-ана қамқорлығынсыз қалған,ерекше білімді қажет ететін,аз қамтылған,көп балалы отбасылардан шыққан және дарынды балалар) ескере отырып,бұрын Президенттік шыршаға қатынаспаған балалар ұсынылатындығы айтылды.

Аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына 8-13 жастағы балалар арасынан оқушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты бұрын Президенттік шыршаға және аудан әкімінің шыршасына қатынаспаған балалар ұсынылатындығы ескертілді.Сонымен қатар,тәртіптемеге сай 13 оқушы қамқоршылық кеңестің шешімімен шығарылатындығына тоқталды.

Сөйлеушілер:

Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог:

Мектеп бойынша инклюзивті білім алатын 13 оқушының және үйден оқытылатын 3 оқушының тізімімен қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырып,оқу жылдары бойынша шыршаға қатынасқан оқушыларға тоқталып өтілді. 2018-2019 оқу жылында инклюзивті білім алатын 3 оқушы, үйден оқытылатын 1 оқушы, 2019-2020 оқу жылында инклюзивті білім алатын 2 оқушы,үйден оқытылатын 1 оқушы, 2020-2021 оқу жылында үйден оқытылған 1 оқушы (Раушан Бейбарыс),инклюзивті білім алатын 2 оқушы «Қайырымдылық» шыршаға қатынасқандығы айтылды.Қамқорлыққа алынған жетім оқушы 2018-2019 оқу жылында аудан әкімінің, 2020-2021 оқу жылында Президенттік шыршаға қатынасып,қамтылғандығына тоқталды.

Инклюзивті білім алатын 13 оқушының соңғы жылдары 7 оқушы қатынасқандығы, қалған 1 сыныптарда инклюзивті білім алып отырған 4 оқушы жасерекшелігі сәйкес келмейтіндігі (7 жаста) ескертіліп, биылғы 2021-2022 оқу жылында 2 оқушы (8 а қазақ сыныбы мен 2 ә қазақ сыныбынан) ұсынылып отырғандығы қамқоршылық кеңес мүшелерімен келісілді.

А.Темірболатова- 5 «а» орыс сыныбының сынып жетекшісі:

Сынып бойынша аталған хатқа сәйкес әлеуметтік осал топ санатына жататын жартылай жетім әрі дарынды оқушы Президенттік шыршаға 1 оқушыны ұсынды. Оқушысының жеке-жеке жетістіктеріне тоқталды. Республикалық олимпиаданың 1 кезеңі бойынша III орын (2020 ж), Халықаралық «Русский медвежонок» байқауынан сертификат, Халықаралық «Русский медвежонок-языкознание для всех» I орын (2020ж), Аудандық «Бала дауысы» байқауы алғыс хат (2020 ж), Халықаралық «Жарқырай түс-жас жұлдыз» байқауынан көркем сөз бағамы бойынша I орын (2020ж), Халықаралық «BALBULAQ» байқауының көркемсөз бағамы бойынша I орын (2020ж), Халықаралық «BALBULAQ» байқауының вокал бағамы бойынша Гран-при (2020ж), «Дара жұлдыз» төсбелгісі, Халықаралық қашықтықтан өткізілген олимпиаданың қазақ тіл пәні бойынша «Алые паруса» байқауынан I орын (2020ж), Республикалық математикалық «Ақылды бала» байқауынан III орын (2021ж), «Дарын онлайн» республикалық олимпиадасының математика пәні бойынша II орын (2021ж), Халықаралық «Русский медвежонок-языкознание для всех» байқауынан I орын (2021ж), Аудандық «Балдәурен» байқауынан вокал бағамы бойынша алғыс хат (2021ж), Республикалық балаларға арналған «Біз-ұлан, жалынды жас ұрпақ, Білімді, сенімді болашақ!» энциклопедиясына жетістіктері жарияланған. «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» байқауында көркем сөз байқауының көркемсөз бағамы бойынша II орын. Республикалық олимпиаданың орыс тіл пәні бойынша I кезеңінен I орын иеленіп, II кезеңге өткендігі айтылды.

Аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына сыныбы бойынша жартылай жетім санатындағы, әрі дарынды оқушы I оқушыны ұсынды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, Есбол спорт кешенінің ашылуына орай Еркін күрестен жасөспірімдер арасында аудандық ашық біріншілікке қатынасушысы, «Болашақ чемпиондар» Көктоғай ауылында еркін күрестен жасөспірімдер арасындағы аудандық біріншіліктен III орын, Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында өткен еркін күрестен спорт ардагерлерін және жаттықтырушы Жолдасов Қайрат Бисембайұлын және Гасанбеков Мавлудин Абдуселимовичті еске алуға арналған VII-ші қалааралық турнирінде II орын, Ақжайық аудандық «Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» еркін күрес спорт мектебінің еркін күрес спорт бөлімінен оқу жаттығу жиынына қатынасып үздік нәтиже көрсеткені үшін алғыс хат, Республикалық математикалық «Ақылды бала» байқауынан III орын, мектепшілік «Алтын сақа» байқауынан I орын, аудандық байқаудан III

орын, «Дарын онлайн» республикалық олимпиадасының тарих пәні бойынша I орын.

Аталған оқушылардың жетістіктерін, әлеуметтік жағдайын ескере отырып, тізімге қосуға ұсыныс білдірді.

С.Ильясова-4 «в» қазақ сыныбының сынып жетекшісі:

Аталған хатқа сәйкес «Қайырымдылық» шыршаға өз сыныбы бойынша көп балалы отбасыдан шыққан әрі жартылай жетім санатындағы I оқушыны, күміс, алтын алқа иегері көп балалы отбасыдан және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан мектепте 5 баласы білім алып отырған I оқушыны аудан әкімінің шыршасына қатынасатын оқушылардың тізіміне қосуға өз ұсынысын білдірді.

Ш.Сариева-камқоршылық кеңес төрағасы:

2019-2020, 2020-2021 оқу жылында Президенттік шыршаға қатынасқан оқушылардың тізімі қайта қаралып, әлеуметтік осал топ санатына жататын оқушылардың қамтылғандығына көз жеткізілді. 2021-2022 оқу жылында Президенттік шыршаға санаттары бойынша сәйкес келетін жоғары да аталып өткен, ұсынылған оқушылардың ішінен 5 а орыс сынып оқушысын қамқоршылық кеңес шешімімен қолдады.

2021-2022 оқу жылында аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына бұрын қатынаспаған санаттары бойынша сәйкес келетін ұсынылған оқушылардың ішінен 13 оқушының тізімі жасақталып, қамқоршылық кеңес мүшелерімен талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, кеңес мүшелерімен бірлесіп отырып, **ҚАУЛЫ** етеді:

1. 2021-2022 оқу жылында Президенттік шыршаға 5 а орыс сынып оқушысы қатынастырылсын. (1-қосымша)

2. 2021-2022 оқу жылында аудан әкімінің «Қайырымдылық» шыршасына ұсынылған 13 оқушының тізімі бекітілсін. (2-қосымша)

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мүшелері:

Ш.Сариева
С.Краубаев
Қ.Бекназаров
Э.Уразбаева
А.Гумарова
А.Сахишева
А.Куанышкалиева
Н.Тоғанасова
Н.Турекешов

Хатшы:

Н.Рахметқалиева

Н.Рахметқалиева